

Д.К. Кусбеков

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: dumandoc@mail.ru)*

Діннің заманауи интеграциясы

Мақала заманауи интеграциялық процестегі діннің әлеуметтік-философиялық функциясына арналған. Жаһандық интеграция, заманауи технологиялардың дамуы, адамзаттың дүниетанымдық ұстанымдарының өзгеруі діннің қоғамда алатын орнын тұрақсыз етті. Дін ұзақ уақыт бойы танымдық қызметті атқарып келді. Сондықтан адамзат үшін ерекше мәнге ие болған. Бірақ болмыстың аксиологиялық мәні күйзелістік жағдайда болғандықтан, дінге деген сенім күрт төмендеп кетті. Рухани құндылықтардың құлдырауы адамзаттың ішкі рухани дүниесінің құнсыздануына алып келді. Қоғамда секуляризациялық процесс басталды. Секуляризация діни-экстремистік ағымдардың қайнар көзі деген пікір айтыла бастады. Мақала авторы тек бір ғана фактор екенін баса айта отырып, басқа да себептерін жан-жақты қарастырды. Террористік ұйымдар көздеген мақсаттарына жету жолында экстремистік көзқарастардың кеңінен таралуына барлық жағдай жасайды. Рухани күйзеліске тап болған қоғамда бұл процесс тез орынын табады. Сол себепті осы феноменмен күресу жолдары да талқыланады. Әлемде болып жатқан интеграциялық процестер еліміздің барлық салаларын қамтып отыр. Соның ішінде дінге де қатысты интеграциялық процестер бар. Қоғамда дінге деген жаңа көзқарас жаңа құндылықтарды тудырады. Діни нормаларды сакралдандыру тұлғаға да әсер етеді. Мақалада заманауи қоғамның рухани өмірінің айырықша ерекшелігі дүниеге деген көзқарастық плюрализм туралы айтылды. Діни плюрализм интеграция процесінде жиі кездесетін құбылыс. Осыған орай, монистік немесе дуалистік көзқарасқа қарағанда, плюралистік көзқарас ақиқатқа жақын.

Кілт сөздер: дін, дінтану, философия, интеграция, құқық, сана, секуляризация, экстремизм, терроризм.

Көптеген зерттеулер діннің әлеуметтік функциялары мәселесіне арналған. Дәстүрлі қоғамда дін әлеуметтік интеграция және тұрақтылық, рухани құндылықтарды жоғарлату, болжам жасаумен сәйкестендіру функциясын атқарады. Интегративтік функция діннің қандай да бір адамдар тобын, идеялар кешенінің айналасын біріктіру қабілетінде көрінеді. П.Бермердің пікірінше, «діни институттар — осы қоғамның барлық мүшелерін «жалпы бір мағынаға» біріктірген әлем» деп айта кеткен [1; 139]. Діни жүйе қоғам мүшелеріне немесе топқа осы қоршаған әлемде өз орнын, атқаратын рөлі мен мәнін табуға мүмкіндік береді. Алайда белгілі бір жалпылықты біріктіре және топтастыра отырып, дін, бір жағынан, оны басқа діни ағымдарға қарсы қояды (православияны — иудейлерге, мұсылмандарға, буддисттерге және т.б.). Осылайша, дін кейде бөліп тастау факторы ретінде көрінеді, дінаралық тұрақсыздық осыдан келіп туындайды. Осылайша тұрақсыздық факторы, әлеуметтік және саяси дағдарыс жағдайларына алып келеді. Көпұлтты мемлекеттерде интеграция мен дамуға нақты осы жоғарыда келтірілген аспекті кедергі жасайды.

Діни интеграцияның өз функциясын іске асыру мүмкіндіктері заманауи секуляризацияланған қоғамда, діни функциялардың әрекет ету ортасы қатты шектелгендігіне байланысты. Мысалға, барлық әлеуметтік институттар зайырлы болып табылатын Қазақстанда діни құндылықтар негізінде шынайы интеграция тек кіші топтар деңгейінде болмақ, мысалы, отбасы немесе топтардың белгілі бір кешенінде ғана мүмкін болады. Қазақстан көпұлтты және көпконфессиялы мемлекет екенін ескерсек, қандай да бір діннің негізінде қоғамның интеграциясының белсенділігі төмен болып

табылатындығын байқауға болады. Әрине, ол мемлекеттің беделіне нұсқан келтірмейді, бірақ діни интеграция төңірегінде кері әсерін тигізуі мүмкін.

«Дін дегеніміз – құдайға сенетін адамдарды моральдік қауымдастыққа біріктіретін, тылсым да қасиетті дүниелермен байланысты нанымдар мен тәжірибе жүйесі» (Durkheim [1915], 1961:62 [2; 347]). Сондықтан тұрақтылық пен интеграция функциясының басқа қыры *реттеуші функциясы* болып табылады. Дін бұйрық немесе нұсқама, нормалар және талаптар арқылы мінез-құлықтың түрін анықтайды, адамгершілік құндылықтарының бірыңғай жүйесін белгілейді. Алайда егер өткен, дәстүрлі қоғамда құқықтық, экономикалық және білім беру институттары мешіттер мен шіркеулердің қатты әсерінде болса, ал дін әр адамның жеке ісі болып табылған заманауи әлемде оның реттеуші аспекті жалпы қоғам емес, тек индивидтің және кішігірім әлеуметтік топтардың деңгейінде жүзеге асырылады. Бұл діни институттың қоғамдық қатынастарды реттеуші ретінде тиімділігі мен мәнін төмендетеді деген пікір бар.

Қоғамның нормалары мен құндылықтарын сакралдандыру, яғни қасиеттілік сипат беру жолымен дін өзінің тұрақтануына да ықпал етеді. Дәстүрлі қоғамда «дәстүрлі қоғам» деп діни институт ұжымдық және жеке өмірдің нормалары мен құндылықтарын анықтау, қадағалау және шешім қабылдау бойынша монополист болатын қоғамды айтады. Алайда саяси, құқықтық, экономикалық, әлеуметтік институттар зайырлы болғаннан бастап, қоғамда діннің әдет-ғұрыптық құндылығы бәсеңдеді. Бірақ, жалпы құндылығын жоғалтқан жоқ. Дін таным ретінде мәнін жойды (ғылыми тұрғыдан), ал кіші топтар арасында әлеуметтік рөлін сақтап қалды. Заманауи қоғамда жоғарыда аталған функцияны, діни экстремистік ұйымдар жеке тұлға және кіші әлеуметтік топ деңгейінде іске асыра бастайтындай жағдай туындайды.

Сонымен, дін әлеуметтік институт ретінде социумда діни нормалар мен құндылықтарды тұрақтандыру, интеграциялау және салттандыру қызметін атқаруы мүмкін. Қоғамның басқа әлеуметтік институттарға сенімі төмендеген жағдайда, бұл функция өзекті бола бастайды. Алайда қоғам қаншалық заманауи сипатқа ие болса, ол соншалықты діннің әсерінен еркін және де дін өзінің функциясын үлкен әлеуметтік топтар мен қоғамда тиімді орындайды.

Діни тұрғыдан сакралдандыру деген — қоғамның нормалары мен құндылықтарына қасиетті сипат беру процесі, мысалы, олардың шығу көзіне құдайылық, сол арқылы қасиеттілік мәнін беру арқылы оның құндылығын жоғарлатуға тырысады. Заманауи қоғамда бұл процесс басқа көрініс тапты. Осы мәселені дұрыс түсіну үшін секуляризация процесіне тереңірек тоқталып кету қажет.

«Секуляризация» термині екіжақты қарастырылады: біріншіден, бұл өмірдің әртүрлі салаларының шіркеу мен діннің әсерінен азат болуы, ал, екіншіден, ол о, дүние бар дегенге сенімнің бұзылуы. Бірінші мәні әлеуметтік деңгейде болып жатқан процестерге қатысты. Осы жағдайда секуляризация процесінің нәтижесі діннің әсер ету аясының тарылуына байланысты, әлеуметтік топтар, қоғамдық ұйымдар, жеке адамдардың көпшілігінің осындай көзқарастардан бастартуы. Екіншіден, сана деңгейінде дінде болып жатқан процестерді түсіндіреді. Бұл жағдайда секуляризацияның нәтижесі дінге, нақтырақ айтқанда, әлемнің дәстүрлі діни суреттемесінің шынайылығына деген сенімнің дағдарысына алып келеді. Секуляризацияның әсеріне (осы терминнің екінші мағынасында), ең алдымен, дәстүрлі конфессиялар ұсынған тылсым (латентті) концепциясы ұшырайды. Заманауи ғылыми жаңалықтар православиелік, католиктік, ислам, иудаистік, буддистік діндер ғасырлар бойы жасалып, қолдаған әлем суретінің сипаттамаларын бұзады. Дәстүрлі конфессиялар ұсынатын көзқарастар, тұжырымдамалар заманауи адамдарға түсініксіз әрі дәлелсіз, шынайы дүниеден алшақ болып көрінеді. Секуляризация дәстүрлі діни институттарға сенімді бұзды, бірақ ол адам мен қоғамның өзін-өзі тануға, тұрақтылыққа, құндылықтарды бағалайтын интеграцияға қажеттілігінен айырылған жоқ. Бұл тұрғыдан дін, әлі де болса, өзінің функционалдық өзектілігін жойған жоқ.

Секуляризация процесі өздігінен әртүрлі экстремистік діни ұйымдардың, соның ішінде лаңкестік ұйымдардың пайда болуы мен таралуына алғышарт және дәстүрлі конфессиялар ұсынып отырған тұжырымдамаларында сенімнің жойылуы, болып жатқан процестерге деген қанағаттандырылмағандық жаңа экстремистік бірлестіктердің пайда болуына алып келеді.

Осылайша, қоғамның секуляризациясы, заманауи қоғам үшін дәстүрлі болған конфессиялар ұсынған діни доктриналарға сенімнің дағдарысы, мемлекет аумағында көптеген жаңа діни ұйымдардың, соның ішінде экстремистік бағыттағы ұйымдардың туындауы мен таралуына алғышарт болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады. Алайда экстремистік ағымдардың пайда болуының бір ғана себебі екенін ескерген жөн. Секуляризация қоғамға тек қана жат (кері)

процестерді алып келеді деген ой туындамауы керек. Бұл процесс қоғамға оң (тиімді) жағдайларды алып келетіні сөзсіз. Осы жерде біз дінге қатысты процестерді алып отырмыз.

Қоғамның секуляризациясы және дүниеге деген көзқарастардың белсенді түрде өзгеруі дәстүрлі конфессиялар үшін күрт өзгерістер алып келді. Олар таңдау үстінде қалды: біріншіден, бар жағдайға бейімделу қажеттілігі, екіншіден, қатысушылардың сенімін жоғалтуға тәуекел ете отырып, қызмет етудің ескі үлгілерін ұстану. Әрине, бірінші де және екінші де жағдай оларды қанағаттандырмады және әлі күнге дейін шешімін таба алмай жүрген мәселе.

Қатынастың әлеуметтік алғышарттары ретінде (діни тұрғыдан алғанда), дәстүрлі діни институттарға сенімнің төмендеуі, әлемнің болмысы туралы айқын емес және жалпылама түсінігі, тұжырымдамаларының заманауи сұраныстарға сай келмейтін ұстанымдарының болуы. Сондықтан қандай да бір шешімнің тиімді тәсілдерін ұсынатын және әлемнің болмысы туралы сұрақтарға нақты әрі анық жауап беруге тырысатын діни секталарға жоғары қызығушылықтың пайда болуына алып келеді. Осылайша, діни экстремизмнің келесі арнайы рухани факторларын бөліп қарастыруға болады:

- жалпы дінге деген қызығушылықтың артуы;
- діннің әлеуметтік интеграциясы және тұрақтылық функциялары;
- рухани құндылықтарды сакралдандыру;
- дәстүрлі діни институттарға және олардың ұсынатын концепциясына деген сенімнің төмендеуі;
- дәстүрлі діни институттардың енжарлығы немесе белсенділігінің жоқтығы;
- қоғамдық өмірді жандандыру және дінге қатысты заңнаманы жетілдіру.

Осылай «қоғам діннің көмегімен өзін материалдық емес, әлеуметтік фактінің формасында көрсетеді» [3; 23].

«Хизбут-Тахрир аль-Ислами» (Ислам азаттық партиясы) террористік ұйымының өкілдері Құранның мәтінін талғамалы талдай отырып, көптеген мемлекеттер аумағында, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында, мемлекеттік құрылымды ауыстыру және бірыңғай Халифатты қалпына келтіру, басқа да мұсылмандық емес көзқарастарды түптамырымен жою қажеттілігі туралы идеяларды насихаттайды, адасушылармен физикалық күреске шақырады, жоғарыда аталған мақсаттарға жету үшін «халқтар» деп аталатын жасырын ұяшықтар ұйымдастырады, сондай-ақ жақтастар жинайды.

Кейбір ұйымдар қайырымдылық әрекетін жамыла отырып, республиканың оңтүстік аймақтарында ислам мемлекеттерінің бірқатарында тыйым салынған ислам қағидаларын басқаша талқылаумен таратып жатқаны белгілі. Ондай ұйымдар жастарды өз қатарына тартуға тырысады. Жастар психологиялық жағынан ортаға тез арада ыңғайланады. Ашушаң болып келеді. Әрине, осындай ерекшеліктерді пайдалану экстремистік ұйымдар үшін қолайлы. Жоғарыда аталған әрекеттерді болдырмау үшін, психологияда «катарсис» деген технологияны қолданады. Зерттеуші Энн Ландерстің пікірінше, «жастарға бойдағы ашу-ызаны шығаруды үйрету керек» (Landers, 1969). «Адам кектеніп, ызаланады делік. Ендеше, біз оған мұндай жағдайдан шығудың жолдарын көрсетуіміз керек. Сондай мінез-құлық танытқан адамдарға ашуы басылғанша мүмкіндік беруі керек», — дейді психиатр Фринц Перлз (1973)» [4; 356].

Соңғы онжылдықта діни-саяси экстремизм жай ғана діни экстремизм емес, жаңа бірыңғай Халифатты құру мақсатымен конституция құрылымы, мемлекеттік құрылым негіздерін, құқықтық жүйені күштеп өзгерту мүмкіндігіне негізделетін, сонымен қатар діни идеологияны жүзеге асыру бойынша саяси экстремизм кеңінен таратуға тырысады.

Экстремистік ұйымдардың қызметінің негізгі бағыттарының бірі өзінің идеяларын дәріптеу, тарату және насихаттау, оларды қоғамдық қолдауды қалыптастыру, жанашырлар тобын құру болып табылады. Осыған байланысты экстремистік материалдарды таратумен күрес ерекше өзектілікке ие.

Шамамен 5 миллиард адам тұрақты қолданушысы болып табылатын Интернетте экстремизм туралы ақпараттар жаңа жаһандық мәселелер тудыратын жағдайға жетті. Экстремистік ұйымдар өз идеяларын насихаттау және жаңа серіктестерді тарту үшін мінбе ретінде компьютерлік желілерді пайдаланады. Мысал ретінде «Таблиғи Жамаат» сайты айтуға болады, онда мемлекеттердің конституциялық құрылымын өзгерту және бүтіндігін бұзуға шақыратын ақпараттардан тұратын топтардың бағдарламалық құжаттары енгізілген. Сондықтан жастар мен Интернет желілерін тұрақты пайдаланушыларды қорғайтын механизмдерді қарастыру қажеттілігі пайда болды.

Салыстырмалы заңнама институтының (Швейцария) мамандары көрсеткендей, Интернет кез келген идеологияны бүкіл әлемге «оңай, қауіпсіз, арзан және сынақ-пікірсіз» таратуға мүмкіндік береді, бұл өзінің мүшелерін зорлық-зомбылық актілерін жасауға жігерлендіретін бірыңғай экстремистік көзқарастағы қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Бейнематериалдарды компьютерлік желіде көрсету және электронды басылымдар құру мүмкіндігінде экстремистік топтар өзінің әрекетін танытуда кеңінен пайдаланады. 2005 жылы күзде Аль-Каида Интернет желісі арқылы жаңалық бағдарламасын тарата бастады, онда жаппай «жиһад» жасау жоспары және «адасқандармен» күресте қолжеткізген жетістіктер туралы айтылады. Экстремистік топтар Интернетті өз әрекетін қаржыландыру үшін пайдаланады.

Сондықтан компьютерлік желілер ақырындап «соғыс алаңына» айналып бара жатыр. 2003 жылдан бастап киберкеңістікте «Интифада» жүріп жатыр. Ал жуырда «Хамас» ислам әскери тобы еврейлерге тән немесе Израильдің саясатын қолдаушы сайттарға «сандық жиһадты» жариялады және Ғаламторда «электронды бүлік» шығаруға шақырды. Мамандар кибертерроризм туралы сөз айта бастады. Жаңа қатердің кеңінен етек алып бара жатқандығын бағалау және осы мәселе шектен тыс ауытқып бара жатқандығын, оның шынайылығын көптеген сарапшылар мойындайды. Бүкіләлемдік компьютерлік желімен ұсынылатын шынайы уақыт тәртібінде көрсетілетін хабарламалар мен ақпараттарды алмасу үшін бар мүмкіндіктерді экстремистік топтар өз әрекеттерін ұйымдастыру үшін белсенді қолданады.

Экстремистік әрекетке, оның ішінде материалдық-техникалық база және байланыстың басқа да түрлерін жеткізу жолымен көмектесу экстремизм формасының бірі болып табылады. Сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын кез келген ұйым сот шешімі бойынша шектелуі керек.

Көптеген жағдайларда экстремистік әрекеттің ұйымдастырылған формалары үшін жауапкершілікті қарастыратын нормаларды діни ұйымдарға қатысты қолдану мүмкін емес. Қалыптасқан жағдайдан шығу жолы ұлттық деңгейде және мемлекетаралық деңгейде экстремизмнің әртүрлі формалары және түрлерімен күресу стратегиясын қалыптастыруда мүмкін болмақ.

Қоғамға жаппай қауіптің төнуі мен діни экстремизмнің таралуы — ХХ ғасырдың соңында көптеген мемлекеттердің аумағында пайда болған тенденция. Сондықтан осы проблеманы шешу төңірегінде, біріншіден, қандай да болмасын жағдайларға байланысты адамды кемсітуге жол бермеу (нәсілдік тиістілік, жыныс, ұлт, діни сенім және т.б.), екіншіден, қызметтің әртүрлі салаларында азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыру (еңбек, білім, әлеуметтік қамтамасыздандыру, еңбек ақы, демалыс және т.б.), үшіншіден, экстремизмнен келіп шығатын құбылыстарға жол бермеу үлгілерін қалыптастыру (терроризм, геноцид, апартеид және т.б.).

Заманауи қоғамның рухани өмірінің айырықша ерекшелігі дүниеге деген *көзқарастық плюрализм* болып табылады, ол мемлекет аумағындағы ешбір дәстүрлі кофессияның тұжырымдамасына сәйкес келмейді. Әлемнің бейнесін түсіндіру, рухани құндылықтарға қасиетті көрініс беру және т.б. мәселелер төңірегінде біржақтылық жоқ екендігін байқауға болады. Қандай да діни бірлестіктің қызметінде болу оған белсенді түрде қатысу адамның тууа біткен міндеті емес, әр кәмелет жасқа толған жеке тұлғаның өз шешімінің нәтижесі болып табылады.

Дәстүрлі діннің заманауи сұраныстар жағдайларында нәтижелі қызмет көрсету үшін, қоршаған ортамен өзара әрекет етудің механизмін қайта қарау керек. П.Бергердің пікірі бойынша, діни плюрализм жағдайында дәстүрлі дінді өзгеріссіз түрде сақтап қалу үшін, ең алдымен, қоршаған орта, әлемнің бейнесі мен оның мәселелерін заманауи адам үшін бұлыңғыр және түсініксіз түсіндіру дұрыс емес. Осыдан қасиетті кітаптарды талқылау, олардың мазмұнын түсіндіру, сенімнің негізгі парыздарын талқылау және аллегориялық, адами ұғымдарды жалпылу арқылы «аудару», доктриналарды аңыздандыруға, оны шынайы өмірге жақындату, ескірген ұғымдар, нормалардан бастартуға қажеттілік туындайды. Діни тұжырымдамалардың әрқилылығына қарамастан адамдар өздерінің қасиеттендірілген санасына, яғни дүниетанымдық ұстанымына, байланысты және қажеттіліктерін қанағаттандыратын көзқарастарды таңдауы мүмкін.

«1950 жылдары Альфред Айер (1910–1991) сияқты логик-позитивистер «Құдайға сенудің мәні бар ма, жоқ па?» деген сұрақ қойды. Жаратылыстану ғылымдары – білімнің жалғыз сенімді көзі, өйткені оның нәтижелері тәжірибе жүзінде тексеруге болады. Айер Құдайдың бар не, жоқ екеніне емес, Құдай идеясының мәні бар жоқтығын сұрады» [5; 368]. Айер қазіргі қоғамда, яғни технологиялары дамыған және де дәлелдеуді талап ететін қоғамда, Құдай идеясы туралы сөз қозғау орынды ма, әлде орынсыз ба дегені. Жай қарапайым адамды діни догматтармен таң қалдыра алмайсың. Сондықтан дінге деген қатынасты өзгерту қажеттігіне сілтеме жасады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Berger P. The social reality of religion / P. Berger. — Harmondsworth, 1967. — 233 p.
- 2 Бринкерхоф Д. Әлеуметтану негіздері / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега. — 9-бас. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. — 464 б.
- 3 Рицер Д. Әлеуметтану теориясы / Д. Рицер, Д. Степнишки. — 10-бас. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. — 856 б.
- 4 Майерс Д. Әлеуметтік психология / Д. Майерс, Ж. Туенж. — 12-бас. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. — 648 б.
- 5 Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. — 432 б.

Д.К. Кусбеков

Современная интеграция религии

В статье рассмотрены социально-философские функции религии в интеграционном процессе. Глобальная интеграция, развитие современной технологии, переосмысление духовно-нравственных ценностей делают религиозный феномен актуальным в современном обществе. Религия имела для человечества особое значение, поскольку долгое время выполняла мировоззренческую функцию. В настоящее время выделяются и осмысляются различные аспекты секуляризационных процессов, протекающих в обществе. Появилось мнение, что секуляризация есть источник экстремистских течений. В статье характеризуются особенности современного духовного состояния общества в контексте поиска путей борьбы с террористическими организациями, которые находят всевозможные пути для распространения экстремистских взглядов. Процесс интеграции народов и стран стал неотъемлемой частью современного мира, в том числе и в Казахстане. Интеграция носит поступательный и динамичный характер. Развитие интеграционных процессов относится и к религии, религиозным нормам и оказывает большое влияние на человека. Изменившаяся духовная ситуация в Казахстане ориентирует на целостное осмысление новой социальной действительности, предполагает переориентацию сознания, создавая новые ценностные ориентиры, способные консолидировать общество. Религиозный плюрализм — часто встречающееся явление в процессе интеграции. В сравнении с монистическим и дуалистическим мировоззрением отмечается очевидная близость к истине мировоззренческого плюрализма.

Ключевые слова: религия, религиоведение, философия, интеграция, секуляризация, экстремизм, терроризм.

D.K. Kusbekov

Modern integration of religion

The article deals with the socio-philosophical functions of religion in the integration process. Global integration, the development of modern technology, the rethinking of spiritual and moral values makes the religious phenomenon relevant in modern society. Religion had a special significance for mankind, since it had long fulfilled its worldview function. At the present time, various aspects of the secularization processes taking place in society are singled out and understood. There was an opinion that secularization is a source of extremist trends. The article describes the features of the modern spiritual state of society in the context of the search for ways to combat terrorist organizations that find all kinds of ways for spreading extremist views. The process of integration of peoples and countries has become an integral part of the modern world, including in Kazakhstan integration is progressive and dynamic. The development of integration processes refers to religion, religious norms and has a great influence on a person. The changed spiritual situation in Kazakhstan focuses on a holistic understanding of the new reality, suggests a reorientation of consciousness, creating new value points that can consolidate society. Religious pluralism is often a phenomenon in the process of integration. In comparison with the monistic and dualistic outlook, there is an obvious closeness to the truth of ideological pluralism.

Keywords: religion, religion studies, philosophy, integration, secularization, extremism, terrorism.

References

- 1 Berger, P. (1967). *The social reality of religion*. Harmondsworth.
- 2 Brinkerhof, D., Ueits, R., & Ortega, S. (2018). *Aleumettanu nehizderi [Basics of sociology]*. Almaty: «Ulttik audarma burosy» kohanamdyk kory [in Kazakh].
- 3 Ritser, D., & Stepnitski, D. (2018). *Aleumettanu teoriiasy [Theory of sociology]*. Almaty: «Ulttik audarma burosy» kohanamdyk kory [in Kazakh].
- 4 Maiers, D., Tuenzh, Zh. (2018). *Aleumettik psikholojiia [Social psychology]*. Almaty: «Ulttik audarma burosy» kohanamdyk kory [in Kazakh].
- 5 Iudaizm, khristiandik pen islamdaly 4000 zhildik izdenis: Kudaitanu baiany (2018) [Judaism, 4000-year search in Christianity and Islam: theology]. Almaty: «Ulttik audarma burosy» kohanamdyk kory [in Kazakh].